



30 маусым, **сейсенбі** 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

НАРЫҚ

2 Әлем және Қазақстан экономикасы

НЕСІБЕ

3 Бау-бақша жайқалып тұр

АБАЙ – 175

4 Кемеңгерліктің биік шыңы

ҰЛЫҚ ҰЛЫС - 750

4 Жошы жойған Баршынкент аспанасты музейіне айнала ма?

● ПРЕЗИДЕНТ

«Өңірлер барлық резервті пайдалануы керек»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес шаралары жөнінде кеңес өткізді. Бейнебайланыс режимі арқылы өткізілген жиынға Үкімет мүшелері, бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары, қалалар мен облыстардың әкімдері қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде дер кезінде жарияланған қатаң карантин шаралары уақыттан ұтып, эпидемияның қатты өршіп кетпеуіне мүмкіндік бергенін атап өтті. Өкінішке қарай, Төтенше жағдай режимі тоқтатылғаннан кейін барлық карантин шаралары босанып кетті.

– Биылғы 11 мамырда шектеулер алынғаннан кейін вирустың таралуы 7 есе өсті. Бұл көп жағдайда бірқатар мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерге байланысты болып отыр. Мемлекеттік басқару жүйесінің орталық және жергілікті органдары Төтенше жағдай режимі тоқтағаннан кейінгі кезеңде тиімді жұмыс істеуге дайын болмағанын атап өту қажет. Ведомствоаралық комиссия өзіне жүктелген міндетті атқаруға шама-сы жетпеді. Мұны ашық мойындау керек. Денсаулық сақтау министрлігі орталық және жергілікті билік органдарының жұмысын үйлестіре алмады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, жергілікті жерлерде тиісті жұмыстар дер кезінде атқарылмай, тиімділігі аз шаралардың қабылдануы салдарынан еңбек ұжымдарында, ірі өндіріс орындарында жаппай вирус жұқтыру ошақтары пайда болды. Атырау облысындағы Теніз кен орны індет жұқтырудың орталығына айналды. Онда дертке шалдыққан 1222 адам



тіркелді. Алматы қаласында тұрғындардың ғана емес, медицина қызметкерлерінің арасында да наукастанғандар өте көп. Елордадағы көптеген мекемелер карантин жағдайының өзінде санитарлық талаптарды сақтамаған. Өңірлердегі ауруханаларда науқастар жататын орынға, медицина кадрларына, дәрі-дәрмекке, медициналық құрал-жабдықтарға тапшылық қатты байқалады.

– Жұмысына салғырт қарағаны үшін Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлігінөвке, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевқа ескерту жасаймын. Шымкент қаласының әкімі М.Әйтемовке, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалинге, Павлодар облысының әкімі Ә.Скаковқа және Ведомствоаралық комиссияның төрағасы Е.Тоғжановқа сөгіс жариялаймын. Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының

әкімдеріне өңірлердегі ахуалды реттеу қажеттігін ескертемін. Аталған мәселе барлық облыстың басшыларына да қатысты. Тиімді ақпараттық жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмеуі де жағдайды ушықтыра түсуде. Біздің халықпен арадағы диалогымыз өз деңгейінде нәтиже бермеді. Ақпараттар легі теріс пікірлердің ықпалында кетіп, дәрігерлердің ерлікке пара-пар еңбектері көрінбей қалды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиевке цифрландыру саласындағы жұмыстарға салғырт қарағаны үшін ескерту берілді.

Мемлекет басшысы Ведомствоаралық комиссияның шұғыл әрі қатаң үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етуге, оның орындалуына мониторинг жүргізуге және бақылауға қауқарсыз болып отырғанын айтты.

Пандемиямен күрес жөніндегі барлық шешімдерді, оның әлеуметтік және экономикалық теріс әсерлерін жоюды Премьер-Министр басшылық ететін тиісті Мемлекеттік комиссия аясында пысықтауды тапсырамын. Мемлекеттік комиссия ең маңызды деген ресурстардың таралуын бір орталықтан бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін шұғыл шаралар қабылдау мақсатында Мемлекеттік комиссияға екі күннің ішінде биылғы наурыз-мамыр айларындағыдай қатаң карантин режимін енгізу мәселесі бойынша маған ұсыныс әзірлеп, енгізуді тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев лабораториялық зерттеулердің тиімділігін арттыруды, реагенттер мен жұмсалатын материалдардың үздіксіз жеткізілуін шешуді, ПТР-лабораториялардың саны мен қуаттылығын арттыруды тапсырды.

2-бет

ҰБТ: алғашқы нәтижелер көңіл қуантады

Өткен ақпараттарда айтып өткеніміздей, маусымның 27-29 күндері аралығында облыс орталығындағы ҰБТ Қорқыт ата атындағы КМУ-дың 5 корпусында, "Мұрагер" мектебінде және Жалағаш ауданындағы №202 орта мектеп базасындағы тестілеу орталығында өтті.

С Гәзиза ӘБІЛДІА,
«Сыр бойы»

Жалпы, осы 3 күнде 1576 түлек тест тапсырды. Айта кетейік, 27 маусымдағы ҰБТ-ның қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған Е.Әуелбеков атындағы №4 дарынды балалар мектеп-интернатының түлегі Диас Ерғараев болды.

Ұлттық тестті тапсырып шықтым. Мектеп қабырғасында 11 жыл бойы алған білімнің нәтижесін дәлелдедім деп ойлаймын. Өзірге ең жоғары ұпай – 133 балды жинағанымға қуаныштымын. Ата-анам, ұстаздарым бәрі де тілеулес болды. Оларға рахмет. Менің ойымша, тестілеуге дайындықпен барған адам қалаған нәтижеге қол жеткізе алады. Ең бастысы, аса қатты қобалжымай, өз-өзіне сенімді болу керек.

Өзім ғылыми математика бағытын тандап отырмын. Болашақта ұстаз болғым келеді, – дейді дарынды түлек Диас Ерғараев. Айта кетейік, осыған дейін Шиелі ауданынан Диас Қиянбекұлы 130 ұпай жинаса, тура сол нәтижені Қызылорда қаласынан Нұрсәид Әбен есімді түлек иеленді.

Елдегі эпидемиологиялық ахуалға орай карантиндік шаралардың күшейтілуіне байланысты Білім және ғылым министрлігі Ұлттық бірыңғай тестілеуді бір күнде екі лекпен өткізу мәселесін қарастырды. Бұл орайда облыс бойынша алдын ала бекітілген ҰБТ өткізу кестесіне біршама өзгерістер енгізіліп, қосымша хабарлар етілді.

Атап айтқанда, 4 шілдеге жоспарланған тестілеу 28 маусымда, 3 шілдеге жоспарланған тестілеу 29 маусымда өтсе, 2 шілдеге жоспарланған тестілеу 30 маусымда өтеді. Ал 28,29,30 маусым және 1 шілдеге жоспарланған ҰБТ өз мерзімінде өтеді. Бұл өзгерістер колледж бітіріп, жоғары оқу орнына оқуға тапсыратын барлық кешенді тестілеушілерге және өткен жылы ҰБТ тапсырған талапкерлерге қатысты. Яғни аталған бағыттағы барлық талапкерлер 28 маусымнан бастап Ұлттық тестілеуді тапсыруы керек.

Кеше, 29 маусым күні 431 түлек тестілеуден өтті.

● Өңір өндірісі

Құрылыс материалдары қашан да сұраныста

Кармақшы ауданында құрылысқа қажетті бірқатар өнім өндіріліп келеді. Бұл ретте Жосалы кентіндегі «Мир-2001» ЖШС жаңашыл жобаларымен танылған. Аудан экономикасының өрістеуіне елес қосып отырған серіктестіктің серпінді жобалары жаһандану үрдісінде жаңаша сипат алды.

Жеке кәсіпкер Сейфолла Ажмолдаев 2017 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Байқоңыр филиалынан 15 млн теңге көлемінде несиесін алды. Бұл қаражатқа өз есебінен 30 млн теңге қосып, тұрғындарға қажетті өнім өндіретін цехты іске қосты. Бүгінде серіктестік құрамындағы «Құрылыс құм-тас қоспасын фракцияларға бөлу» цехы аудан халқын бе-

тон бұйымдарымен, құрылыс құмымен қамтамасыз етіп отыр. Осы күннің өзінде автоматтан-дырылған жүйе енгізіліп, неміс фирмасы (Rimac Maschinen und Anlagen GmbH) мен ресейлік компаниялардың тротуар плит-ка, брусчатка, бетон кеңере, қабырға материалдарын сапалы етіп шығаратын жабдықтарын қолданысқа енгізіп үлгерген.

– Индустриалдық аймақтың жалпы аумағы – 51 гектар. Мұнда өнімнің бес түрі өндіріледі. Жаяу жүргіншілерге арналған тротуар плиткалары,

брусчатка, қабырға блоктары, бордюрлар және құрылыс құмдарын халыққа төмен баға-да ұсынып отырмыз. Қазір за-манауи үлгіде құрылыс жұмыс-тарын жүргізетіндер көп. Күн санап сұраныс та артып келеді, – дейді серіктестік өкілі.

Өнімдерге сұраныс көршілес аудандардан да келеді. Тіпті, өзге өңірлерден ат арытып келіп, арқаланып қайтатындар да табылады. Көктем шыға серіктестік жыл бойы жұмыс істейтін жана құрылысқа қол жеткізуді мақсат қылған. Егер жоспар орындалса, алда да тоқтаусыз тірлік болады. Қосымша цех-тар іске қосылса, өндіріс көлемі ұлғаяды. Тағы 15-20 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Ірі жоба ілкімді істер қатарында. Кәсіпкерге аудан-

дық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінен қолдау тиісінше көрсетіліп тұр. Аталған бөлім алдағы уақытта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында тың ақпараттарды түсіндіріп, шетелдерге көрмеге қатысуға мүмкіндік жасап, өнімдеріне сұраныс арттыруға қолдау білдірмек.

Айта кетейік, биыл өңірде «Бизнестің жол кар-тасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде 155,7 млн теңгені құрайтын 10 жобаны қаржыландыру жо-спарланса, оның ішінде екеуі арнайы техника сатып алу мен жанар-жағармайдың айналым қаражатын толықтыру жо-балары «Мир – 2001» ЖШС еншісінде.

«СБ» ақпарат



Сыр қауыны аймақ брендіне айнала ма?

Облыста көкөніс, бақша шаруашылығының жай-күйі қалай? Брендке айналған Сыр қауындарының сапасы қандай? Бақша өнімдері өндірісін қалай жолға қоямыз? Осы және өзге де өзекті сауалдар төңірегінде Қорқыт ата атындағы КМУ жаратылыстану институты директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосановпен аз-кем әңгімелескен едік.

3-бет



Симптомды – 19, симптомсыз 30 дерек тіркелді

Дүйсенбіде өңірде коро-навирус инфекциясының сим-птомды – 653, симптомсыз 488 науқас тіркелді. Ал індеттен айығып шыққандар саны 636-ға жетті. Бұл туралы өңірлік ком-муникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшы-сы Жақсылық Әбдісаметов мәлімдеді.

– Бір тәулікте симпто-мды 19 жағдай тіркелді. Оның 15-і скринингтен болса, 3-і ақылы сынама тапсырғаннан анықталған, 1-і қарым-қатынас арқылы жұққан. Ал симптомсыз коронавирус инфекциясының 30 дерегі анықталды. Оның 12-сі скринингтен, 15-і ақылы тест сынамасын тапсырғаннан, 3-і

індет жұқтырған науқаспен бай-ланыста болған, – деді ол.

Сондай-ақ, вирус жұқтырған-дармен байланыста болған 7251 азамат анықталды. Оның 4780-і тікелей қарым-қатынаста, 2471-і жанама байланыста болған.

«СБ» ақпарат

Төсек-орындар саны көбейтілуде

Республика көлемінде, соның ішінде аймақта да эпидемиологиялық ахуал күрделеніп тұрғаны белгілі. Осы орай-да тұрғындар тарапынан ауруханалар-да төсек-орындардың жетіспеушілігіне шағымдар айтылуда. Қалыптасқан ахуалға байланысты облыстық денсаулық сақтау басқармасына сұрау салған едік.

Басқарма мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда өңірде эпидемиология-лық күрделенуіне байланысты инфекциялық стационар 265 төсек орынға кеңейтіліп, барлығы 510-ға, провизорлық ста-

ционар 400 орынға көбейтіліп, 595 орынға жеткізілген. Ал қазіргі кезде карантиндік төсек орын саны 860-ты құрайды.

«Өздеріңіз білетіндей, қазіргі кезде вирустың таралу себебі әртүрлі болуда. Вирус жұқтырған немесе басқа да ау-румен ауырған азаматтар көрсеткішіне қарай ауруханаға жатқызылып, ем алу-да», – дейді басқарманың медициналық көмекті ұйымдастыру бөлімінің басшы-сы Раушан Бақтыберлина.

«СБ» ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының үстіндегі жылғы 30 маусымға жоспарланған кезекті 47-сес-сиясы кейінге қалдырылды.

Облыстық мәслихат

